

2022-2023 оқу жылындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, қылмысты болдырмау мақсатындағы жүргізілген құқықтық Кеңестің I жарты жылдық бойынша жүргізген жұмыстарының есебі

Мектептегі құқықтық Кеңес төмендегі мақсат және міндеттер бойынша қызмет атқарады.

Мақсаты: Кәмелеттік жасқа толмаған балалар арасында құқықбұзушылық және қараусыздықтың алдын алу бойынша жұмысты ұйымдастыру.

Міндеттері:

- кәмелеттік жасқа толмағандардың заңды ой-пікірлерін және құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету;
- әлеуметтік қауіпті жағдайында болатын отбасыларға көмек көрсету;
- кәмелеттік жасқа толмағандардың құқықбұзушылығын анықтау, болдырмау;
- оқушыларға психологиялық-педагогикалық, медициналық және құқықтық қолдау көрсету.

Қызмет бағыттары:

- кәмелеттік жасқа толмағандармен жұмыс;
- педагогикалық ұжыммен жұмыс;
- ата-аналармен жұмыс;
- әлеуметтік-психологиялық қызмет;
- құқық қорғау органдарымен қатынаста болу.

Мектептегі тәрбие процесін құқықтық, әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етуге көп көңіл бөлінеді. Ол үшін сынып жетекшілерінің әдістемелік кеңестері, педагогикалық ұжыммен кеңестер өткізіледі. Жұмыс нәтижесімен педагогтар алдын алу кеңесінде, директор жанындағы жиналыстарда, мектептің педагогикалық кеңесінде есеп береді.

Мектепте 1-11 сынып оқушыларын, олардың ата-аналары мен педагогикалық ұжымдарын құқықтық оқыту жұмысы ұйымдастырылған. Осы мәселе бойынша жоспарлы жұмыс оң нәтиже береді - оқушылар, ата-аналар мен педагогтар құқықтық сауаттылық мәселелерінен хабардар.

Балалардың құқық бұзушылығын алдын алу бойынша жұмыс мектеп әкімшілігінің ерекше бақылауында тұр. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында әртүрлі жұмыс түрлері мен әдістері пайдаланылады: құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен әңгімелесу, дәрістер, кездесулер, шағын аудан бойынша рейдтер, балалардың мектепке баруын күнделікті бақылауда.

Мектебімізде құқық бұзушылыққа барған, тәртіп бұзған, заңға қайшы әрекет еткен факт тіркелген жоқ. «Тәуекел тобында» тіркеуде тұрған, мектепшілік тіркеуде тұрған оқушылар жоқ. Қылмыстың, құқықбұзушылықтың алдын алу және қиын оқушылармен жұмыс жылдық жоспарлары құрылып бекітілді. Ең алдымен кәмелеттік жасқа толмаған балалардың құқықбұзушылық және қараусыздығын анықтау үшін жұмыстар жүргізілді. Сынып жетекшілер, мектеп инспекторы, психолог және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп әкімшілігі ата-аналармен бірлесе отырып үздіксіз жұмыстар атқаруда. Оқушылардың күнделікті сабаққа қатысу қадағаланып отырылады. Кейбір сабаққа келмей қалған оқушылардың ата-аналарынан себебі анықталады. Себепсіз көп сабақ босатқан оқушылар болған жағдайда ата-аналарға баласы туралы хабарламалар жолданылады. Күнделікті таңертең оқушылардың сабаққа

келуін мектеп психологі сынып жетекшілермен бірге бақыланып отырады. Кешігіп немесе келмей қалған күндері сол уақытта дер кезінде ата анасымен сынып жетекшілер бірлесіп дер кезінде себептерін шешіп онлайн кестеге белгіленіп толтырылынып отырады.

Мектепте 1-11 сынып 68 оқушы бар. Балалардың тұрмыс жағдайлары жақсы. Көп балалы және азқамтылған отбасылар үйлеріне барып әлеуметтік жағдайларын тексеру мақсатында акт жасалынды.

Оқу жылының басында жалпы оқушылар саны 70 болды

Мектептің әлеуметтік төлқұжатты:

- отбасы саны - 38 /68 оқушы/;
- көпбалалы отбасы - 8 (19 оқушы)
- сәтсіз отбасы - 3 (оқушы);
- толық емес отбасынан /детей из неполных семей – 10 отбасы /12 оқушы/;
- мектепшілік бақылауда оқушы 1
- аудандық тіркеуде – 2

Мектеп оқушыларының құқық бұзушылыққа бейім оқушылар жоқ. Сабақтары жақсы, тәртіптері жақсы.

Сынып жетекшілер сынып сағаттарының кестесі бойынша тәртіпсіздік, жағымсыз әдеттер, құқықбұзушылықтың және қылмыстардың алдын алу бойынша тақырыптық сынып сағаттарын өткізді. Оқушыларға тақырып бойынша кеңестер, әңгімелер, видеороликтер көрсетілді. Сонымен қатар бопсалаудың, зорлық-зомбылық көрсетудің алдын алу және анықтау бойынша сауалнама жүргізілген. Сауалнама бойынша ешбір балаға жәбір көрсетілмейтіндігі және бопсалаудың болмағандығы анықталды.

Мектепте сенім жәшігі белсендендірілген. Бірақта осы уақытқа дейін ешбір баладан шағым немесе арыз, көмек көрсету туралы хаттар түскен емес.

- 1 сыныптан бастап проблемалы балаларды анықтау және педагогикалық қараусыздықтың қалпын білу бойынша зерттеу, зерделеу жұмыстары жүрізілді. Нәтижесінде қараусыз немесе ата-ананың тәрбиесіз қалған оқушылар жоқ.

Діни экстремизм және терроризм идеяларын таратуға идеологиялық қарсы әрекеттер бойынша алдын алу жұмыстары да уақытында жүргізілуде. Мектеп психологы үнемі оқушылармен, ата-аналармен, ұстаздар ұжымымен жұмыстар атқарады. Оқушыларға психологиялық көмек көрсетіліп, үнемі тренингтер өткізіп тұрады. Қашықтықтан өткен ата-аналар жиналыстарында аудтодеструктивті әрекет пен діни экстремистік және терроризмнің алдын-алу мақтасында және төтенше жағдайды болдырмау үшін баяндамалар, тағы басқа іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілді. Қиын және аудтодеструктивті әрекеттің іске аспауының алдын алу үшін сынып жетекшілер оқушылармен өмірді сүю, өмірдің қымбат екенін насихаттау үшін тақырыптық сынып сағаттарын жүргізді. Демалыс уақыттарында оқушылардың уақыттарын тиімді әрі пайдалы өткізулері үшін тақырыптық іс-шаралар жоспарланып қашықтықтан түрлі тақырыптарда жұмыстар жоспарлап өткізілді. Оқушылар бос уақыттарында үнемі үйірмелерге, секция жұмыстарына қатысады.

Айына екі рет ата-аналар «Түнгі көшедегі» балалар рейдіне қатысады. Ұстаздармен ата-аналардан құралған кезекшілік түнгі уақытта кезекшілікке шығып отырады. Осы күнге дейін себепсіз көшеде жүретін, жиын тойларға баратын оқушылар тіркелген жоқ.

Мектепте жыныстық тәрбие беру, жыныстық тиіспеушілік бойынша да көптеген іс-шаралар атқарылуда. Ұлдар мен қыздармен жеке-жеке жұмыстар жасалынды.

Бопсалаудың, қысым көрсетудің алдын алу мақсатында тақырыптық сынып сағаттары өткізілді. Сонымен қатар оқушылардың сыныптастары, басқа да балалар және үлкендер тарапынан зәбір, зорлық зомбылық қысым көрсетілгенін анықтау үшін сауалнамалар жүргізілді. Сауалнамаға қатысқан оқушылар үлкендер тарапынан, сыныптастарымен қатар басқа да тұлғалардың ықпалынан бопсалау немесе зәбір мен зорлық көрмегендерін анықтап белгілеген.

Жоғары үрейлік деңгейде жүретін, психологиялық ауытқушылықтардың кесірінен құлазу немес көңіл-күйдің құлдырауына түскен оқушылар жоқ.

Құқықтық тәрбие бойынша жарты жылда өткізілген іс шаралар: "Қоғамдық тәртіп негіздері" тақырыбында оқушыларда саяси-құқықтық білімді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды, сақтау қажеттілігін нақты түсінуді қалыптастыру мақсатында әңгіме-практикум аға тәлімгер өткізді.



5-6 сынып оқушыларымен
Өз құқығыңды білесіңдерме?
Сауалнама өткізілді.
Жауапты: психолог Аккошкарова Н.К.

В рамках проведения Республиканской декады "Права ребёнка - права человека", учащиеся 6 Б класса писали эссе на тему: "Каждый ребёнок имеет право!"

Ответственный: учитель русского языка Кулыжкина Ю. В.



"Менің құқығым бар" сурет байқауы.

Нұршәріп Жасмин 6 "А" сынып.

Жетекшісі: Беккужина А.Т.



В рамках проведения Республиканской декады "Права ребёнка - права человека", учащиеся 5 Б класса писали эссе на тему: "Каждый ребёнок имеет право!" Ответственный: учитель русского языка и литературы Кулыжкина Ю. В.



«Бала құқығы – адам құқығы» Республикалық онкүндігі аясында «Балалық шақты бірге қорғайық» атты мектеп өзін-өзі басқару арасындағы челлендж.

Челлендж среди школьного самоуправления "Защитим детство вместе" в рамках проведения Республиканской декады "Права ребёнка - права человека".

Участники: члены школьного самоуправления / фракция права и порядка

Ответственный: аға тәлімгер Кулыжкина Ю. В.



Құқық бұзушылықтың алдын алу есебінде тұрған оқушылардың 2022-2023 оқу жылының көрсеткіші

2020-2021 оқу жылы		2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы	
Мектепшілік есепке алынған	ПБде есепке алынған	Мектепшілік есепке алынған	ПБде есепке алынған	Мектепшілік есепке алынған	ПБ де есепке алынған
0	0	0	0	0	2

Құқық бұзушылықтың алдын алу, сондай-ақ оқушылардың сабақтан тыс және бос уақытын ұйымдастыру мақсатында мектепте үйірмелер және спорттық секциялар жұмысы ұйымдастырылады.

Мектепшілік рейд жұмыстары ай сайын оқушылардың мектепшілік ішкі тәртіптің орындалуын бақылау мақсатында өткізіледі. 2022-2023 оқу жылындағы жарты жылдық өткізілген мектепшілік рейд жұмысының анықтама негізінде анықталды. 2022-2023 оқу жылының қараша айында барлық 1-11 сыныптарында ата-ана жиналысы өткізілген. Жиналыстың бірінші мәселесі бойынша «Заң және қоғам» тақырыбында дәріс оқылып, ата-аналарды мектепшілік ішкі тәртібімен таныстырылып, мектеп формасын туралы жеткізіліп ата-анамен мектеп арасындағы келісім шартқа қол қойдырылған. Кешкі мерзімде оқушылардың ата-аналарысыз көшеде және ойын сауық орталықтарында жүруге болмайтындығы туралы ескертіліп қол хат алынған. Оқушылардың сабаққа қатысымын тексеру

жұмыстары жүйеленген . Себепсіз сабақтан қалатын жоқ деуге болады нақты себепсіз қалып қоятын екі оқушы бар. Ол оқушылармен жұмыстары бар. Құқықтық тәрбие бойынша сынып сағаттарын берілуін анықтау мақсатында 7-11 кластарда сауалнама алынды. Қорытынды бойынша сынып сағаттарын жандандыру керектігін талап етеді. Мектеп бойынша есепке алынған оқушы жоқ. Мектепішілік рейд кешкі мерзімдік рейд ай сайын ұйымдастырылып тұрады.

Мектеп психологі 7-11 класс оқушыларына (қысымдық көрсетіп, ақша талап етуін анықтау мақсатында) сауалнама жұмыстарын жүргізген, аталған мәселе бойынша факт анықталмаған. Комиссия құрамында ДЖО, әлеуметтік педагог, мектеп психологі, сынып жетекшілер, қамқоршылық кеңес мүшелері құрылып, мектептегі өгей әкемен, өгей шешемен тұратын және сәтсіз жанұя оқушыларының тұрмыстық жағдайын зерттеу жұмыстарына комиссия мүшелері құрылып жұмыс жүргізді. 2022 жылдың қаңтар айында 11 сынып оқушысы Смердов С., 10 – сынып оқушысы Занин Н. Қолайсыз отбасының балалар ретінде және сабақты себепсіз босатқандары үшін ІІБ және мектепішілік есепке алынды. 28 – қаңтарда "Қоғамдық тәртіп негіздері" тақырыбында оқушыларда саяси-құқықтық білімді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды, сақтау қажеттілігін нақты түсінуді қалыптастыру түсіндіру мақсатында аға тәлімгер 5-6 сынып оқушылар арасында әңгіме-практикум өткізді.

